

Қауымдық сервитутін белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2026 жылғы 17 маусымдағы № 150 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы аумағында орналасқан жалпы алаңы 3360 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай "Mineral Investment Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін 2031 жылдың 19 желтоқсанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитуті белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шалқар ауданының әкімі

Ж. Жидеханов